



**Бірге оқыық!**




*Жер-жаһанды қаһарымен сескендірген Ұлы Әмірші де  
анадан туған, анасының ақыл-кеңесіне жүгінген, анасына  
бағынған, анасын сыйлаған. Анасы марқұм өлерінде “сені  
жалғыз қалпыңда тастап барам” деп арманын айтқан...*






*Анасының өсиетін тыңдап нағашы жұртынан кіші әйелін алған. Он алтыға енді шыққан бала қыз ұялшақ, тарпаң-тұрпаңсыз, биязы, биліктің әзәзіл дәміне құныға қоймаған, уыз жас еді.*

*Ыстық-суығы  
басылмаған,  
махаббаттың,  
биліктің  
дәміне қанып та  
үлгермеген аруды  
тастап жорыққа  
аттанған.  
Кіші ханым  
қартаң әміршіні  
құлай сүйген,  
зарығып күткен.*



*Кіші ханым Әміршіге деген махаббатын, сағынышын білдіру үшін сонау алыстан мен мұңдалап көз тартып тұратын әсем мұнара салғызған.*

*Бірақ, осы мұнара Әмірші екеуінің арасына сызат түсіретінін сезбеген.*





*Ұлы ханымның  
тұспалынан кіші  
ханымның көзіне шөп  
салғанын сезген Әмірші  
ашу-ызаға булығып,  
жазалаудың әр түрлі  
жолдарын іздеген.*



*Жігіт өзінің неге шақырылғанын айтқызбай-ақ түсінген қалып танытқан. Бүгезектемей бойын тіктеп алған. Өзін үнсіз тергеген әміршіден жас шебер ханымға деген махаббатын жасыра алмаған, кеше гөр деп жалбарынбаған.*

*Әмірші жас шеберді зынданға тастатып, жаудыраған екі көзін ойғызып, құпия ешкімге жарияланбасын деген оймен тілін де кескізіп тастаған. Ол еш кінәсі жоқ кіші ханымды осылай жазалаған.*





*Өзімен-өзі іштей  
арпалысып, кіші ханымды  
кешіре алмаған күйі  
жорыққа аттанған.  
Құдай алдындағы жазадан  
өзі де құтыла алмай мерт  
болған.*

*Аңыз осылай дейді...*



*Шығыс Қазақстан облысы  
Зайсан ауданы  
“Шекарашы орта мектебі” КММ  
“Буктрейлер”-Аңыздың ақыры.Ә.  
Кекілбаевтың  
шығармашылығынан.  
Орындаған: С.Ерболатқызы  
Жетекшісі: К.Көккөзова  
2019 жыл*

